



Келісінді:
«Еңбекшілдер ауылының ЖОББМ» КММ
жанындағы «Ақбота» ш.о меңгерушісі
 Азнабаева Д.Б

Бекітемін:
«Еңбекшілдер ауылының
КММ директоры:
 Камел А.К



**Ақмола облысы
Біржан сал ауданы
«Еңбекшілдер ауылының ЖОББМ» КММ жанындағы
«Ақбота» шағын орталығы
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды
үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2022-2023 оқу жылына арналған
«Ақбота» шағын орталығының кіші тобының
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық
ЖОСПАРЫ**

Білім беру ұйымы «Еңбекшілдер ауылының ЖОББМ» КММ жанындағы «Ақбота» ш.о

Топ: Кіші

Балалардың жасы: 2

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) қыркүйек айы 2022 жыл

	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Дене шынықтыру	Оңға, солға, алға, артқа, қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау, қолды алға, жоғары, жан – жаққа көтеру, саусақтарын ашып – жұму қимылдарын үйрету.
	Сөйлеуді дамыту	Балалардың сөздік қорларын дамыту. (Санамақтар мен қысқа тақпақтарды жатқа айта білуге үйрету.)
	Көркем әдебиет	Ертегі кейіпкерлерінің бейнелерін іс-әрекетпен қайталау.
	Сенсорика	Көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды үйрету.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Үй жануарлары туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. (дене бөліктерін ажырата білуге үйрету)
	Құрастыру	Құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыруға үйрету.
	Сурет салу	Балаларға қарындаш ұстауды үйрету. (түзу, тік, көлденең сызықтарды жүргізу.)
	Мүсіндеу	Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру.
	Жапсыру	Қағаз бетіне геометриялық пішіндерді орналастыру. (доп, үй)
	Музыка	Музыка тыңдау. Ән айту. Жақын 1-2 кілтте дауыс пен естуді дамытуға арналған жаттығуларда күрделі емес әуендерді дәл интонациялау, септима дыбыстарын ажырату және қолдың

		<p>қимылымен (жоғары-төмен) көрсету қабілетін қалыптастыру. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</p> <p>Музыканың сипатын нақты ырғақты жүру, жеңіл жүгіру және жартылай отыру арқылы жеткізетін жаттығуларды орындау.</p> <p>Ойындар, дөңгелек билер. Би</p>
--	--	--

Білім беру ұйымы: «Еңбекшілдер ауылының ЖОББМ» КММ жанындағы «Ақбота» ш.о

Топ: Кіші

Балалардың жасы: 2

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) қазан, 2022 жыл

	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар. Жүру. Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру, шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жүру. Қимылды ойындар. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру.
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін, сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету.
	Көркем әдебиет	Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. Балаларды ертегілерді тыңдауға үйрету.
	Сенсорика	Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. Заттарды түсі бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Бала және оның отбасы, үйі. «Мен» бейнесі. Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан және фото суреттерден тану. Өзінің есімін және жасын атау, үйін және пәтерін тану, отбасы мүшелерінің аттарын атау. Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ету, оның мүдделеріне, қажеттіліктеріне, қалауына, мүмкіндігіне құрметпен қарау, оны ересектердің басқа балалар сияқты жақсы көретініне сенім қалыптастыру.

Құрастыру	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер) жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру.
Сурет салу	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту.
Мүсіндеу	Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру.
Жапсыру	Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету.
Музыка	Музыкаға деген қызығушылықты ояту. Музыка тыңдау. музыканы эмоционалды қабылдайды; музыкамен жүре алады; ересектердің орындаған әндерін тыңдайды; музыканың сүйемелдеуімен ойын әрекеттерін орындайды; таныс музыкалық шығарманы көтеріңкі көңіл-күймен қабылдайды, оны соңына дейін тыңдайды;

Білім беру ұйымы: «Еңбекшілдер ауылының ЖОББМ» КММ жанындағы «Ақбота» ш.о

Топ: Кіші

Балалардың жасы: 2

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) қараша, 2022 жыл

	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қараша	Дене шынықтыру	Жүгіру. Бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен, аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20 метр дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру; бағытты өзгертіп, шашырап, 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу. Дербес қимыл белсенділігі. Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыру.
	Сөйлеуді дамыту	Байланыстырып сөйлеу. Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету.
	Көркем әдебиет	Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау
	Сенсорика	Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды пішіні бойынша топтастыруды үйрету.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру. Сыртқы белгілері бойынша көгөністер (қызанақ, қияр, картоп) мен жемістерді (алма, алмұрт) ажырату.

	<p>Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйрету.</p> <p>Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау.</p>
Құрастыру	Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру,
Сурет салу	Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасау.
Мүсіндеу	Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету.
Жапсыру	Балаларды бейнелерді (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, жапсыруға үйрету.
Музыка	<p>Көңілді және баяу музыкамен таныстыру.</p> <p>Балаларға мазмұны бойынша жақын әндерді тыңдауды, олардың көңіл-күйін эмоционалды қабылдауды, ересектің көрсетуі бойынша сәйкес қимылдармен сүйемелдеуді, қосылып ән айтуды үйрету (айта алуына қарай).</p> <p>Музыкамен жүруге, қарапайым би қимылдарын көрсетуге (аяқты топылдату, аяқтан аяққа ауысу, қол шапалақтау, сылдырмақты сылдырлату) үйрету.</p> <p>Ойындарда кейіпкерлердің қимылдарын (құс, аю, қоян) көрсетуге ынталандыру.</p>

Білім беру ұйымы: «Еңбекшілдер ауылының ЖОББМ» КММ жанындағы «Ақбота» ш.о

Топ: Кіші Балалардың жасы: 2

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) желтоқсан, 2022 жыл

	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар. Еңбектеу, өрмелеу. Шектеулі жазықтың, көлбеу тақтайдың бойымен, доғаның, гимнастикалық скамейканың астынан, әртүрлі заттардың: арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу. Биіктігі 10 сантиметр, ауданы 50 x 50 сантиметр модульге өрмелеу. Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу. Қолды артқа қою; оларды бүгіп, жазу, қолды шапалақтау, қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бұғу және ашу.
	Сөйлеуді дамыту	Балалардың сөздік қорын: киім, аяқкиім атауларын атап үйрету, еңбек әрекеті қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (кию - шешу),
	Көркем әдебиет	Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру.
	Сенсорика	Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды өлшемі бойынша топтастыруды үйрету.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаны итеру, қуыршақты жатқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшені екіншісіне қою) орындауға баулу. Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. (Қар)
	Құрастыру	Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау.

Сурет салу	Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, дөңгелек тәрізді сызықтарды бейнелеуге үйрету.
Мүсіндеу	Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету.
Жапсыру	геометриялық фигураларды орналастыру
Музыка	Музыка тыңдау: Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау. Ән айту: Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру.

Білім беру ұйымы: «Еңбекшілдер ауылының ЖОББМ» КММ жанындағы «Ақбота» ш.о

Топ: Кіші

Балалардың жасы: 2

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) қаңтар, 2023 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қаңтар	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар: Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Тура жолмен, сызықтармен шектелген (ені 20-25 см, ұзындығы 2-2,5 м) жіптің бойымен, гимнастикалық скамейканың үстімен жүру, заттарға шығу (гимнастикалық скамейкаға, жұмсақ модульге және т. б.): тұру. Қимылды ойындар. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбандап жүру және т. б.). Спорттық жаттығулар. Шанамен сырғанау: шанаға отырып, төбешіктен сырғанауға, шананы жібінен сүйретуге, ойыншықтарды шанамен сырғанатуға үйрету.
	Сөйлеуді дамыту	Сөздік қорды қалыптастыру. Балалардың сөздік қорын: көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен атауды үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Неғұрлым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге үйрету.
	Көркем әдебиет	Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау.

Сенсорика	Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру. Заттардың көлемі, өлшемі бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.
Қоршаған ортамен таныстыру	Көлік. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру. Жолдардағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін біледі. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру. Өлі табиғат (суық қар) және олармен әрекет ету түрлері (қарды домалату, қалау) туралы түсініктерді қалыптастыру, олармен ойнау және эксперимент жасау.
Құрастыру	Кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (құм) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру.
Сурет салу	Белгілі бір ережелерді орындау: Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу.
Мүсіндеу	Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру
Жапсыру	Фланелеграфта геометриялық фигураларды, машиналарды орналастыру.
Музыка	Музыка тыңдау: Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың (барабан, бубен, сылдырмақ және т.б.), оның ішінде қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяк, сырнай және т.б.) дыбыстарымен таныстыру.

Білім беру ұйымы: «Еңбекшілдер ауылының ЖОББМ» КММ жанындағы «Ақбота» ш.о

Топ: Кіші

Балалардың жасы: 2

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) ақпан, 2023 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар: Домалату, лақтыру. Екі қолмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,5-1,5 метр арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) лақтыру; отырып және тұрып, түрлі заттардың астынан 0,5-1,5 метр арақашықтыққа доптарды домалату, доптарды бір-біріне домалату. Орнында жүру. Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бұғу. Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу. Аяқтың өкшесін алға қою. Аяқтың бақайларын қимылдату (отырып). Спорттық жаттығулар. Шанамен сырғанау: шанаға отырып, төбешіктен сырғанауға, шананы жібінен сүйретуге, ойыншықтарды шанамен сырғанатуға үйрету; Мұзды жолдармен сырғанау: балаларды қолынан жетелеп сырғанату.
	Сөйлеуді дамыту	Сөздік қорды қалыптастыру. Балалардың сөздік қорын: еңбек әрекетін (жуу, суару, құю), адамдардың көңіл-күйін (қуану, күлу, ренжу) білдіретін етістіктерді үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау.
	Көркем әдебиет	Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.
	Сенсорика/	Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі,

	өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өзбетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.
Қоршаған ортамен таныстыру	Адамгершілік тәрбиесі: Балалардың жалпы қабылданған моральдық-адамгершілік нормалар мен құндылықтарды меңгеруіне ықпал ету. Дөрекілікке, сараңдыққа теріс көзқарас қалыптастыру; басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екені туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Жақын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу (жанашырлық, қамқорлық таныту). Ата-аналарын сыйлауға баулу.
Құрастыру	Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау.
Сурет салу	дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу. Қағазға, саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру.
Мүсіндеу	Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: тостағанды, мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру.
Жапсыру	геометриялық фигураларды, үйлерді, доптарды орналастырып жапсыруға үйрету.
Музыка	Музыкалық-ырғақтық қимылдар Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру. Қарапайым би қимылдарын орындау:қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу; денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу және т.б.

Білім беру ұйымы: «Еңбекшілдер ауылының ЖОББМ» КММ жанындағы «Ақбота» ш.о

Балалардың жасы: 2

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) наурыз, 2023 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Наурыз	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар: Жүгіру. Бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен, аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20м дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру; бағытты өзгертіп, шашырап, 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу. Еңбектеу, өрмелеу. Шектеулі жазықтың, көлбеу тақтайдың бойымен, доғаның, гимнастикалық скамейканың астынан, әртүрлі заттардың: арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу. Биіктігі 10 см, ауданы 50 x 50 см модульге өрмелеу.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөздік қорды қалыптастыру. Балалардың сөздік қорын: Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру, қуыршақты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулу, балаларға бесік жырын күнделікті ұйықтар алдында тыңдатуды әдетке айналдыру, топтағы барлық баланы ересектердің жақсы көретінін сездіру.</p>
	Көркем әдебиет	Бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерді, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету.

	Оқылған шығармадағы жекелеген сөздерді қосылып қайталап айтуды үйрету.
Сенсорика	Үлгі мен ауызша нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындау. Қимылдарды, қолдың ұсақ моторикасын үйлестіру дағдыларын меңгерту. Түстердің атауларын дұрыс қолдануды үйрету.
Қоршаған ортамен таныстыру	Табиғат әлемі. Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: жаңбыр, жел және т.б. Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.
Құрастыру	Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (су) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру.
Сурет салу	Дөңгелек, ұзын пішіндерге ұқсас заттарды бейнелеуді үйрету. Қаламды дұрыс ұстауға дағдыландыру. Дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу. Қағазға, саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру.
Мүсіндеу	Табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып мүсіндеуді үйрету. Дайын болған бұйымды тұғырға орналастырып, жұмыстан кейін материалдарды жинастыруға дағдыландыру.
Жапсыру	Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу.
Музыка	Музыкалық-ырғақтық қимылдар Денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу және т.б. Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар және т.б.), ойындар мен әндерді сахналау.

Білім беру ұйымы: «Еңбекшілдер ауылының ЖОББМ» КММ жанындағы «Ақбота» ш.о

Топ: Кіші Балалардың жасы: 2

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) сәуір, 2023 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
сәуір	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар: Жалпы дамытушы жаттығулар Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу. Қолды артқа қою; оларды бүгіп, жазу, қолды шапалақтау, қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бүгу және ашу. Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу. Алға және екі жаққа еңкею. Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бүгу және жазу. Шалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру және түсіру. Тізерлеп тұрып, өкшеге отыру және тұру. Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөздік қорды қалыптастыру Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін айта алуды үйрету. Сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) қайталап айту, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін сөздерді атауды үйрету.</p>

Көркем әдебиет	Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. Кітаптардағы иллюстрацияларды қарап, суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру,шағын тақпақтарды асықпай, анық айтуға қалыптастыру.
Сенсорика	Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту.
Қоршаған ортамен таныстыру	Үй жануарлары және олардың төлдерімен (қозы, лақ, бота), және құстармен таныстыру, оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу. Аулаға ұшып келетін құстар (торғай, көгершін, қарға), үй құстары (тауық, үйрек, қаз) мен үй жануарларына қамқорлық жасауға тәрбиелеу
Құрастыру	Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою. Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (тас,) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру.
Сурет салу	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту. Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу. Ересектер салғансуретті толықтыру.
Мүсіндеу	Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету.
Жапсыру	Фланелеграфта геометриялық фигураларды, гүлдерді орналастыру.
Музыка	Музыкалық-ырғақтық қимылдар Қимылдарды заттармен: бубенмен, сылдырмақпен және т.б. орындау. Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу.

Білім беру ұйымы: «Еңбекшілер ауылының ЖОББМ» КММ жанындағы «Ақбота» ш.о

Топ: Кіші Балалардың жасы: 2

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) мамыр, 2023 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
мамыр	Дене шынықтыру	Спорттық жаттығулар Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өзбетінше рөлді басқаруға үйрету; Сауықтыру-шынықтыру шаралары Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу. Шынықтыру шараларын өткізу кезінде балалардың денсаулық жағдайын ескеріп, жеке тәсілді жүзеге асыру. Өткенді қайталау.
	Сөйлеуді дамыту	Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. Өткенді қайталау.
	Көркем әдебиет	Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. Өткенді қайталау.
	Сенсорика	Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, үйрету. Заттардың көлемі, түсі, пішіні бойынша өз

	бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. Өткенді қайталау.
Қоршаған ортамен таныстыру	Табиғат әлемі. «Дұрыс», «дұрыс емес», «қауіпті» түсініктерімен, серуенде және сумен, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерімен (лас суды ішпеу, құмды шашпау, тастарды лақтырмау) таныстыру, өсімдіктер мен жануарларға сүйіспеншілік таныту және қамқорлық жасау. Өткенді қайталау.
Құрастыру	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, т.б.), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру. Өткенді қайталау.
Сурет салу	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту. Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу. Өткенді қайталау.
Мүсіндеу	Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру. Өткенді қайталау.
Жапсыру	Фланелеграфта геометриялық фигураларды, шарларды орналастыру. Өткенді қайталау.
Музыка	Музыкалық-ырғақтық қимылдар Қимылдарды заттармен: бубенмен, сылдырмақпен және т.б. орындау. Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу. Өткенді қайталау.

